РҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ "ҚЫЗЫЛОРДАЖЫЛУЭЛЕКТРОРТАЛЫҒЫ" МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРНЫ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ "КЫЗЫЛОРДАТЕПЛОЭЛЕКТРОЦЕНТР" НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ УПРАВЛЕНИЯ ЭНЕРГЕТИКИ И ЖИЛИЩНО-КОММУНАЛЬНОГО ХОЗЯЙСТВА КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ | **ПРИКАЗ**

Қызылорда қаласы | город Кызылорда

«02» 10 2025 ж. | № 358-НК

«Жылу энергиясының тарифі жөнінде»

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының 2025 жылғы 1 қазандағы №39-НҚ бұйрығына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және жабдықтау қызметтеріне 2025 жылдың 1 қазаннан бастап төмендегідей тариф бекітілсін:

Жылу энергиясын өндіру қызметіне 1 Гкал ҚҚС-сыз – 4571,93 теңге;

Жылу энергиясын беру және тарату қызметіне 1 Гкал ҚҚС-сыз – 3820,28 теңге;

Жылу энергиясымен жабдықтау қызметіне 1 Гкал ҚҚС-сыз – 318,58 теңге;

Жылу энергиясының 1 Гкал -ға орташа босату тарифі ҚҚС-сыз 8710,79 теңге. Оның ішінде:

- халыққа 1 Гкал – 3409,81 теңге ҚҚС-сыз,
- бюджеттік мекемелерге 1 Гкал – 29742,25 теңге ҚҚС-сыз,
- басқа тұтынушыларға 1 Гкал – 6555,41 теңге ҚҚС-сыз,
- ыстық сумен жабдықтауға– 4091,77 теңге.

2. Жылу энергиясы тұтынушыларының есептеу құралы болуына немесе болмауына қарай 2025 жылдың 1 қазанынан бастап жылу энергиясының сараланған тарифтері бекітілсін:

- үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар тұрғындар үшін - 1 Гкал ҚҚС-сыз – 2161,85 теңге;
- үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ тұрғындар үшін - 1 Гкал ҚҚС-сыз – 4091,77 теңге, тұрғын үйлердің **1 шаршы метрін жылытуға жұмсалатын жылу бағасы ҚҚС-н қоса алғанда 131,98 теңге;**
- үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптарын орнату техникалық мүмкіндігі жоқ тозған, авариялық тұрғын үй-жайында, барақ типтегі үйлерде тұратын және орналасқан тұрғындар үшін - 1 Гкал ҚҚС-сыз – 3409,81 теңге, тұрғын үйлердің **1 шаршы метрін жылытуға жұмсалатын жылу бағасы ҚҚС-н қоса алғанда 109,99 теңге;**
- ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар өзге де тұтынушылар үшін - 1 Гкал ҚҚС-сыз – 4796,20 теңге;
- ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ өзге де тұтынушылар үшін

- 1 Гкал ҚҚС-сыз – 8522,03 теңге;

- ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар бюджеттік мекемелер үшін - 1 Гкал ҚҚС-сыз – 27683,56 теңге;

- ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ бюджеттік мекемелер үшін - 1 Гкал ҚҚС-сыз – 44613,38 теңге;

- жеке есептеу аспаптары жоқ тұрмыстық тұтынушыларды ыстық сумен жабдықтау үшін 1 адамға 1 айға – 654,68 теңге ҚҚС-сыз;

- жеке есептеу аспаптары бар тұтынушыларды ыстық сумен жабдықтау үшін 1 текше метрге – 235,28 теңге ҚҚС-сыз.

3. Жоспарлы-экономикалық бөлімінің бастығы Ғ.Заненовке - жылу энергиясы тарифінің өзгергені туралы ақпаратты тұтынушылардың назарына бұқаралық ақпарат құралдары (интернет-ресурс, «ҚЖЭО» МКК-ны сайты) арқылы жеткізу жүктелсін.

4. Персоналды басқару және іс жүргізу бөлімінің бастығы Е.Саидоваға - барлық мүдделі басқармалар мен бөлімшелерді бұйрықпен таныстыру жүктелсін.

5. Жылу энергиясын сату, есептеу және тарату департаментінің директоры Т.Ниязбаевқа – бекітілген жылу энергиясы тарифін көрсетілген мерзімнен бастап қолданысқа енгізілуін қамтамасыз етсін.

Негіздеме: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының 2025 жылғы 1-ші қазанындағы №39-НҚ бұйрығы.

Директор **Б.Молдиманов**

Директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары: Р.Бүркітбаев
Жоспарлы-экономикалық бөлімі: Ғ.Заненов
Есеп бөлімі: К.Жумекова
Заң бөлімі: Б.Алдабергенов
ПБІЖ бөлімі: Е.Саидова